

ШАМШЫРАК



Түлкібас аудандық апталық қоғамдық-саяси газеті

АУДАН ӘКІМІ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

ЕРЛІК ЕЛ ЕСІНДЕ - ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Аудан әкімі Асқар Естібаев тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, олардың ұсыныс-пікірлері мен өтініштерін тыңдады. Жеке қабылдауда аудан азаматтары баспана, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік бастамалар, әлеуметтік нысандар салу, марапаттау тәртібі және цифрлық қызметтерге қатысты бірқатар мәселелерді көтерді.



Қабылдауға келген тұрғындардың бір бөлігі тұрғын үйге қатысты сауалдарын жеткізіп, заң аясында түсіндірме алды. Сондай-ақ жұмыссыздық мәселесін қозғаған азаматтарға бос жұмыс орындары ұсынылып, тиісті мекемелерге жолдама берілді.

Сонымен қатар «Ауданның құрметті азаматы» атағын алу үшін қажетті құжаттар мен талаптар

түсіндірілді. Туу туралы куәлік алғанымен, оның eGov жүйесінде көрінбеуі секілді техникалық мәселелер де назарға алынып, жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктелді.

Аудан әкімі әрбір өтініштің заң талаптарына сәйкес қаралатынын айтып, көтерілген мәселелердің

орындалуы бақылауда болатынын жеткізді. Мұндай қабылдаулар тұрғындар мен жергілікті атқарушы билік арасындағы байланысты нығайтып, өзекті мәселелерді дер кезінде шешуге мүмкіндік береді.

Түлкібас ауданының әкімдігі.



Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 80 жылдан асса да, майдан даласында қаза тапқан жауынгерлердің есімі ел жадында жаңғырып келеді. Соның бір дәлелі – Қадырбаев Жорабектің есімінің қайта табылып, мемориалдық тізімге енгізілуі.

1894 жылы дүниеге келген Қадырбаев Жорабек 1941 жылы 47 жасында Түлкібас ауданынан әскер қатарына шақырылып, 1941-1945 жылдары Отан қорғау жолында шайқасқан. Елге оралмаған боздақтың тағдыры ұзақ жылдар бойы беймәлім болып келді. Тек табанды ізденістер нәтижесінде оның деректері анықталып, есімі тарихи құжаттармен нақтыланды.

Биыл Шымкент қаласындағы Абай саябағында орналасқан Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған мемориалдық кешенге жауынгердің аты-жөні алтын әріппен қашалып жазылды. Бұл – тарихи әділдіктің салтанат құруы.

Әке аманаты – ұрпақ жадында

Майдангердің артында қалған тұяқтары бүгінде ақ жаулықты кейуаналарға айналды. Үлкен қызы Түлкібас ауданында тұратын Лештаева Райкүл Жорабекқызы – 89 жаста. Әкесі соғысқа аттанғанда ол небәрі төрт жаста болған. Ал, Түлкібас ауданында тұратын Төлөндиева Сырғаш Жорабекқызы да екі айлық сәби еді. Әке мейірімін көрмей өскен қос кейуаның жүрегінде әке есімі қастерлі болып сақталды.

Нағашы атасының тағдырын жылдар бойы іздеп, деректерін тауып, есімін қайта жаңғыртуға мұрындық болған – Ауған соғысының ардагері Лештаев Орынбасар Лесбайұлы. Бүгінде елге қызмет етіп жүрген азаматтың табандылығы нәтижесінде батыр есімі ел жадында қайта жаңғырды.

Тағзым тағылымы

2026 жылғы 14 ақпанда Шымкент қаласындағы Ордабасы мешітінің асханасында батыр рухына арналған құран-дұға оқылып, еске алу шарасы өтті. Жиынға зиялы қауым, туған-туыстары мен ағайындары қатысып, ер есіміне тағзым жасалды.

Еске алу барысында кезінде осы мемориалды орнатуға бастама көтеріп, оның іске қосылуына ұйытқы болған, талай жылдар ел басқарған азамат Мырзахметов Асқар Исабекұлы сөз сөйлеп, майдангерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайтынын ерекше атап өтті. Ол өз сөзінде ел тарихын құрметтеу – әр азаматтың парызы екенін жеткізді.

Сондай-ақ, жиында Түлкібас ауданының тұрғыны Райкүл Жорабекқызы:

«Әкем соғысқа кеткенде төрт жаста екенмін. Мені сол кезде соңғы рет қолымнан сүйіп қоштасқаны еміс-еміс есімде. Әке мейірімін көрмесек те, оның ерлігі – біз үшін мәңгі мақтаныш. Есімінің ел жадында қайта жаңғыруы – біздің әулетіміз үшін үлкен қуаныш, сол нағашы атамды таппай қоймаймын деп күні-түні ізденген балам Орынбасарға алғысым шексіз», – деп тебірене сөйледі.

Сырғаш апамыз да, осы тектес тебіреніп сөз сөйледі. Ортаншы ұлы Төлөндиев Талғаттың, Ауған соғысында қаза болғанын айтып көңілі түсіп кетті.

Шара аясында Шымкент қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжехан Төлебаев батырдың қыздарына арнайы алғыс хат табысталап, қазақты дәстүрмен ықтарына камзол, мойындарына оралма жабылды. Бұл – елдің батыр ұрпағына деген құрметінің белгісі.

Ер есімі – ел есінде. Отан үшін жанын қиған азаматтарды ұлықтау – бүгінгі ұрпақтың қасиетті міндеті.

АУЫЛДАРЫМЫЗ ДАМУДА, ӘР АУЫЛДА ІЛГЕРІЛЕУ БАР

Шолу



Аудан әкімі Асқар Естібаев аудан халқының алдында есеп беру кездесуін өткізді. Есеп беру барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, атқарылған жұмыстар және алдағы кезеңге жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат берді. Әкімнің халық алдында есеп беруі өңірдегі атқарылған жұмыстарды қортындылап, ашықтықты қамтамасыз етуге, тұрғындармен кері байланысты нығайтуға және жергілікті мәселелерді бірлесіп шешуге бағытталады.

Дәстүрлі жиын барысында тұрғындарды толғандыратын негізгі мәселелер; инфрақұрылымды дамыту, жолдардың жағдайы, абаттандыру, әлеуметтік қолдау, жұмыспен қамту және мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы бойынша түсіндірілді.

Аудан басшысы тұрғындардың сұрақтарына нақты жауаптар беріп, ұсыныс-пікірлерінің, көтерген

мәселелерінің ескеріліп, бақылауға алынатынын айтты. Өзекті мәселелердің шешу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Ауданда қордаланған мәселелер көп емес деуге болады. Мәселен, ауыз су, табиғи газбен қамту, инфрақұрылымдар, жарықтандыру, жолдардың жағдайы ұдайы назардан тыс қалмай, шешімдерін тауып келеді. Шешімін күтіп тұрған мәселелер дер кезінде назарға алынады. Ал туындаған мәселелердің шешілу жолдары қарастырылуы. Аудан орталығы көз алдымызда көркейіп, халық санының артуына байланысты аумағы да үлкейіп келеді. Қай ауылға барсақ та, жарқыраған көше шамдары, асфальт жолдар, тіпті жаяу жүргіншілер жолы бар ауылдар да кездеседі. Әр ауылдың кіре берісіндегі көрнекті аркалар да көз тартады. Футбол алаңшаларын, балалардың ойын алаңшаларын бұрын тек аудан орталығынан немесе қалалардан ғана көретінбіз. Қазір ауылдарда да бой көрсете бастады. Тұрғын үй, жер телімі тұрғындарға кезекпен берілуде. Интернетпен қамту көрсеткіші де жылдан-жылға жоғарылауда. Иә, осындай көзге көрініп тұрған жетістікті айтып кетуді жөн көрдік. Дегенмен, бұл аудан көлемінде мүлдем өзекті мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Барды бар, жоқты жоқ деп айтамыз. Әкіммен кездесуде халықтың талап-тілектерін, орынды ұсыныстарын да естідік.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жоспарындағы жаңа бағыт-бағдарлармен таныстырып, мәселенің шешілу

жолдарына бірге үнделеміз.

Әкімнің есептік кездесуі барысында аудан тұрғындары тарапынан айтылған 100-ге жуық ұсыныс – өтініштер назарға алынды.

Шұқырбұлақ ауылындағы жер кезегін күтіп жүрген азаматтардың мәселелері әкім назарында. Инфрақұрылыммен қамту үшін белгіленген 27 гектар жердің жағдайы қаралды. Сондай-ақ, осы ауылдан балалар алаңшасын салу жоспарланып отыр.

Тастұмысқа да инфрақұрылым тартылған 24 гектар жердің 22 гектар жері мемлекет меншігіне өткен. Састөбеде жаңа су жүйесінің жағдайы бақылауға алынып, қажет болған жағдайда қосымша жабдықтар орнату тапсырылды.

Ауданымызда 59 елдімекен болса, 43 елдімекенде интернет желісі 3G, 4G жылдамдықпен жұмыс істейді. Қалған 11 елдімекенде интернет байланысы нашар, ал 5 елді мекенде мүлдем интернет байланысы жоқ. Дамыған ақпараттық заманда жоғары технологиялық мүмкіндіктерге ие болу жұмысымызды жеңілдетумен қатар, барлық салада қажеттілігі жоғары. Интернет арқылы ақпарат алмасып, құжаттарды дайындап, сан түрлі жұмысымызды атқарып жатамыз. Қарапайым төлемдер жасап, сауда-саттық жасау үшін де интернеттің көмегіне жүгінеміз. Бұл орайда тұрғындардың өтініш-талабы кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Әкім тарапынан интернетпен қамту мәселесі назарға алынды.

Бүгінгі таңда Жабағылы, Майтөбе, Балықты ауылдарында жоғары жылдамдықты оптикалық интернет желісін тарту жұмыстары жүргізіліп жатқанына хабардар болдық.

(Жалғасы 2-бетте).